«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебі

**Келісемін:**

**Оқу ісінің орынбасары :** _______ **Г. Ибрагим**
«27» 08 **2021ж**

**Бекітемін:**

**мектеп директоры** _______ **Ж.Жансеитова**
«31» 08 **2021ж**

Циклограмма
II-жарты жылдық

МАД «В» тобы

2021-2022 оқу жылы
Тәрбиеші: Асанова Айнұр

**Тексеру күні:17.01.2022ж**
***Жоспар тексерілді.***
**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:____________ Г. Ибрагим**
**МДУ-нын тәрбиеленушілердің оқу қызметі кестесі бойынша УОҚ-і және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы.**
**Мектепалды даярлық топ.**
***Бір апта аралығы* 17.01 - 21.01.2022.ж. Қаңтар айы.**

**Өтпелі тақырып:** «Мен және қоршаған орта»

**Мақсаты:**- табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру.
**Міндеттері:**

- Қоршаған ортаға жағымды қарым-қатынасты,оның қайталанбастығы мен әсемдігін түсінуді қалыптастыру.
- Табиғатқа қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын,табиғатты сақтауға деген ынталарын және біліктерінне тәрбиелеу.
- Табиғатқа мейірімді,жанашырлық қарым-қатынас білдіреді, табиғаттың сұлулығы баға жетпес құндылық,сондықтан оны қорғау қажет екенін ұғындыру

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі<br>17.01.22ж | Сейсенбі<br>18.01.22ж | Сәрсенбі<br>19.01.22ж | Бейсенбі<br>20.01.22ж | Жұма<br>21.01.22ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақ кестесі** | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Русский язык<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Сурет салу<br>Көркем жазу(в) | Сауат ашу негіздері<br>Жаратылыстану<br>Өзін-өзі тану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Мүсіндеу<br>Қызықты математика(в) | Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру<br>Жапсыру<br>Ертегілер әлемі (в) |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 1-сабақ** | | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Суасты әлемінің таңғажайыптары **Мақсаты:**1) Екі аяқпен шахмат тәрізді қойылған,толтырылған доптар үстінен қос аяқпен секіру.2)Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүру және орта кезінде бұрылу. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Айналамыздағы әлем **Мақсаты:**1) Жүгіріп келіп,биіктікке секіру.<br>2) Допты бір-біріне қос қолымен басынан асыра лақтыру.<br>3)Арқан үстімен бір бүйірімен адымдап жүру. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Қысқы орманға саяхат Й дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Дыбыстық құрылымы әртүрлі 3-4 дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау .Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Гастролдік сапарға шығу<br>**Мақсаты:**театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, клоун және тағы басқа) меңгеруге үйрету | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Мен тұратын көше және үй.<br>**Мақсаты:** Өз құрылысын талдай білуді бекіту және талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Үзіліс** | | | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br><br>**2-сабақ** | | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Көліктер және оның түрлері<br>**Мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды.<br>Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Су ішеді, май жейді,<br>Бұларды не дейді? .Сурет бойынша көлік түрлерін атап бер. Бұл көлікті кім жүргізеді?<br>Жұмбақ<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады ол керемет.<br>(Тікұшақ)<br>Табанында жолы бар,<br>Төбесінде қолы бар.<br>(Трамвай)<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус)<br>3-тапсырма.Суретті толықтырып сал.<br>4-тапсырма. Дидактикалық ойын:<br>«Сөйлемдерді толықтыр». | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен жол саламын.<br>Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын.<br>**Мақсаты:** Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады. | **<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** Табиғат құбылыстарының ерекшелігі неде?<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы қарапайым білімдерді меңгеру. Қыста және көктемде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Табиғат құбылыстарын сипаттау (жел, тұман, найзағай, жаңбыр және т.б.)<br>Табиғат құбылыстары туралы сурет бойынша түсінік беру.балалардың білім-дерін белсендіреді. Мақсатты тұжырымдау. Балалар үлестірмелі дидак-тикалық материалдардан «табиғат құбылыстарының», «желдің», «тұманның», «най-зағайдың», «жаңбырдың», «қардың» суреттерін көрсе-теді. «Табиғат құбылыстары» тақырыбында әңгімелеу Сұрақтар қойылады: Та-биғат құбылыстары дегеніміз<br>не? Табиғат құбылыстарына | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:**<br>Ертегілер еліне саяхат.Г дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:**Г дыбысы мен әрпімен таныстыру.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау .Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту | **<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Қазақстанның оңтүстігінен солтүстігіне саяхат<br>**Мақсаты:1** ) Қос аяқпен заттар арасымен (арақашықтығы 4м) секіру. 2) Гимнастикалық орындық үстінде басқа қапшық қойып, тепе-теңдік сақтап жүру. 3) Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сөйлемді<br>толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырады.<br>Мысалы: Егер жермен жүрсе бұл ... (жер) көлігі. Олар: КамАЗ, автобус, өрт сөндіргіш мәшине.<br>Егер сумен жүрсе бұл ... (су)көлігі.<br>Олар: кеме, қайық, катер.<br>Егер әуеде ұшса, бұл .. (әуе) көлігі.<br>Олар: ұшақ, тікұшақ, зымыран.балалармен қоғамдық көлікте ережелерді сақтау туралы әңгімелеседі.<br>Ережелерді балалармен бірге талқылау.<br>– Қоғамдық көлікке ешкімді итермей, асықпай кір.<br>– Айналадағы адамдармен сыпайы сөйлес.<br>– Көліктің ішін ластама, орындықты сызба.<br>– Жолақысын уақытымен төле.<br>– Үлкен кісілерге орын бер. | | нелер жатады? Қар қай мез-гілде жауады? Жаңбыр қалай пайда болады? Найзағай қай кезде пайда болады? – Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Олар: жел, боран, кемпірқосақ, қар, жаңбыр, бұршақ жауу т.б. – Тұман – табиғат құбылысы.<br>Ол да – ұсақ су тамшылары.<br>Ол жерге таяу жиналады.. | | |
| **Үлкен үзіліс** | | **Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>«Кім жетіспейді?» сурет бойынша жұмыс<br>**Жанама бақылау** | **Дидактикалық ойын «Ғажайып жаңбыр» ойыны** | **«Мен әдепті баламын» ән айту**<br>**Жанама бақылау** | **Мазмұнды рөлді ойын: «Асхана»**<br>**Жанама бақылау** | **Дидактикалық ойын: «Ақшақар»**<br>**Жанама бақылау** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 3-сабақ** | | **Русский язык**<br>**Тема:** Дружи с гаджетами<br>Моя одежда<br>**Цели**: Балаларды зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдана білуге, сөзді дыбыстап айту кезінде екпінді дұрыс қоюға үйрету; | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Бізді зымырандар күтуде.(Сюжетті)<br>**Мақсаты:** Заттар мен олардың суретін салу тәсілдерін бекіту , сюжетті сурет салу<br>Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.<br>Зымыран қандай көлік түріне жатады?<br>Ойлан да, зымыранды немен салыстыруға болатынын айт.<br>Ауа шарымен тәжірибе жасауды ұсынады. Әліппе-альбоммен жұмыс.<br>3–4 басты нысан таңдаймыз да, оларды қағаз бетіне балауыз борлармен саламыз. Сендер ғажайып деңгейде әсем жұлдыздардың жарқырауын, кометалардың түрлі<br>түсті құйрық қалдырып ұшуын, зымыранды сала аласыңдар.<br>Артынан акварель бояумен рең саламыз. Бүкіл парақты барлық жұлдыздар мен ғаламшарлар жақсы көрінуі үшін<br>қара бояумен бояймыз.<br>Күлгін не қара-көк, қою қызыл<br>бояуларды аламыз да, бүкіл парақты түсті дақтарға бояймыз. Түрлі түсті борлар қара рең бетінде байқалады. | **Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы:** Мен ұқыпты баламын<br>**Мақсаты**:Ұқыптылық, жағымды әдеттер туралы түсініктерін кеңейту, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, жағымды әдеттерге тәрбиелеу. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Сандықты аш, білімнен шашу шаш. Сандықты безендір (ою өнері)<br>**Мақсаты:** Заттарды әсемдік элементтермен безендіру.<br>**Күтілетін Нәтиже:** «Мүсіндеу алгоритмін балалармен бірге талқылау»<br>1. Сандықтың негізгі бөлігін қатырғықағаздан қиып,<br>жапсырып аламыз.<br>2. Ермексаздан кішкене кесіп алып, пластина жасаймыз.<br>3. Қапталын пышақпен кесіп, дайындаған қатырғықағазға жапсырамыз.<br>4. Қара түсті ермексаздан бірнеше ширатпа дайындап аламыз. Бұл безендіру үшін қажет.<br>– Ширатпаны қандай тәсілмен дайындаймыз?<br>5. Сандықты баланың таңдауы бойынша ою-өрнектермен | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Басқұрды безендіреміз<br>**Мақсаты:** қошқар мүйіз" өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, қоймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдануды **Күтілетін Нәтиже:**<br>Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қияды. Тәрбиеленушілер суретке қарайды. Басқұр – бұл қазақтың киіз үйін бекіту мен жабдықтауға арналған салтанатты әрі сәндік жолақтар.<br>Басқұрды геометриялық және өсімдік оюлы өрнекпен әшекейлейді.<br>Педагог балалардың қандай материалмен жұмыс істейтіні жөнінде ойлануды ұсынады.<br>(Қағазбен) Қандай құралдармен? (Қайшы, желімге арналған жаққыш, қарындаш).<br>Болжалды композицияға назар аударады: жолақтар қандай болады, қандай ою-өрнек қолданылады? Ұнаған<br>ою-өрнек үлгілерін таңдауды ұсынады. Фон |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | безендіреміз (мүйіз, ботагөз).<br>6. Құлып жасаймыз.<br>Ой қорыту.<br>Сандықтың барлық бөліктері бір-біріне сәйкес, үйлесімді әрі тегіс болуы шарт.<br>Бөлшектерді қандай тәсілмен біріктіреміз? (Жағу арқылы).<br>Ой қорыту.<br>Киіз үй қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне сай жабдықталған.<br>Сандық ұлттық оюөрнектермен нақышталған.<br>Қазақтар ұзатылатын қыздың жасауына міндетті түрде сандық қосқан. Оның үстіне көрпеше, көрпе-жастық жиналады. Төсек-орынды қыздың жақын туыстары дайындайды. | түсін таңдайды. Қию тәсілдерін анықтайды. Фон әзірлемесіне жай қарындашпен басқұр жолағының суретін салады, қиып альбомға жапсырады.Өз бетінше қиып алып, оюөрнектің дайын үлгіқалыбын алады.Қағазды белгілі тәсілдермен: екіге немесе қатпарлап бүктейді. Ою-өрнектің бүгу сызығы бойымен оюөрнектің үлгі қалыбын қойып, жай қарындашпен сызып алады.тәрбиеленушілердің назарын заттың шеткі сызықтарына аударады. Шеткі сызықты қию оңай болу үшін оң жақтан солға қарай қияды.Сосын белгілер бойымен оюөрнекті қиып алады да жазады. |
| **Үзіліс** | | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 4-сабақ** | | **<u>Музыка</u>**<br>**Тақырыбы**: Қызықты жорық<br>**Мақсаты:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән | **<u>В/к Көркем жазу</u>**<br>**Тақырыбы**: К к және Үү дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Құрамында к дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуді үйрету. К дыбысы және әрпімен таныстыру. | **<u>Музыка</u>**<br>**Тақырыбы**: Бағдаршам бағыт береді<br>**Мақсаты:**Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен | **<u>В/к Қызықты математика</u>**<br>**Тақырыбы**: 9 саны<br>**Мақсаты:** 9 санымен және цифрымен таныстыру, өзінен кем екі саннан тұратын 9 санын таныстыру. Натурал сандар қатары | **<u>В/к Ертегілер әлемі</u>**<br>**Тақырыбы**: Жыл басына таласқан жануарлар ертегісіне қойылым қою<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып беру. Мазмұнын түсініп айта білуге, қойылым қоюға дағдыландыру.Есте сақтау, ойлау қабілеттерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | айту, тынысты дұрыс алу. **Күтілетін Нәтиже: –** Жорық деген не? Оның адам организміне пайдасы туралы түсіндіру.<br>– Демалыс күндері отбасыңмен бірге қайда қыдырасыңдар?<br>– Тауға жорыққа шығып көрдің бе?<br>Сұрақтар қою арқылы әңгімелесу. Музыка тыңдау: «Жол жыры»<br>– Ән мазмұны мен қай суретті байланыстырар едің?<br>– Ән сипатына сәйкес қалай орындалады? Ән айту: «Жорық жыры» (муз. Н. Тілендиев, сөзі М. Әлімбаев).<br>Әннің сипатын, екпінін анықтау үшін сұрақтар қою.<br>Ән көңілді, сергек, шаттық сезіммен орындалатынын түсіндіру.<br>Әнді сипатына сай орындап беру.<br>Мәтіні мен әуенін, жоғарғы дыбыстарды таза, анық айтуларын қадағалау. Әннің көңіл күйін сезіне орындауға дағдыландыру.<br>Мәтіні мен әуенін таза, анық айтуларын қадағалау.<br>– Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? айсұлудың сұрағы мен | Ү дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру. | байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. **Күтілетін нәтиже:** Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>М узыка тыңдау: «Бағдаршам»<br>(муз. Н. Дүкенбаев, сөзі С. Дүкенбаев).<br>– Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің?<br>– Шығарманың қарқыны қандай?<br>– Әннің мазмұнында не туралы айтылады?<br>Дауыс жаттығуы: «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту.<br>Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.<br>Ән айту: «Бағдаршам»<br>– Әннің мазмұны туралы не айта аласың?<br>– Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?<br>Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. | арасындағы қатынасты түсінуге үйрету. (9 саны 8санынан 1 – ге артық, 8 саны 9 санынан 1 – ге кем) 9 – ға дейінгі есептік және реттік санау. | дамыту.Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмасы: Әннің ырғағы, екпіні қандай? Тыңдаған әннің көңіл күйін қай түспен сипаттар едің?<br>Балақай, сені дыбыстар еліне саяхатқа шақырамыз. Мұқият бол!<br>Көк сызықпен шулы дыбыс беретін заттарды белгілеп көрсет.<br>Ал қызыл сызықпен музыкалық дыбыс беретін заттарды белгіле.<br>Қандай көлік түрлерін білесің? Саған қай көлік ұнайды? Орман тұрғындарына өз үйлеріне тез жетуіне көмектес.<br>Аюға – қоңыр, қоянға – жасыл, қасқырға – көк, торғайға қызыл түстермен жол салып көрсет, сызықпен үйіне жеткіз | | Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. | | |

**Тексеру күні:24.01.2022ж**
*Жоспар тексерілді.*
**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: ______ Г. Ибрагим**
**МДҮ-ның тәрбиеленушілердің оқу қызметі кестесі бойынша ҰОҚ-і және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы.**
**Мектепалды даярлық топ.**
***Бір апта аралығы* 24.01 - 28.01.2022.ж. Қаңтар айы.**

**Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты карауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

**Міндеттері:**- қоршаған ортаға жағымды қарым-қатынасты, оның қайталанбастығы мен әсемдігін түсінуді қалыптастыру;
-табиғатка қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын, табиғатты сақтауға деген ынталарын және біліктерін қалыптастыру;
-табиғат құбылыстарындағы себеп-салдардың байланыстарын орната білу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі<br>24.01.22ж | Сейсенбі<br>25.01.22ж | Сәрсенбі<br>26.01.22ж | Бейсенбі<br>27.01.22ж | Жұма<br>28.01.22ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақ кестесі** | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Русский язык<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Сурет салу<br>Көркем жазу(в) | Сауат ашу негіздері<br>Жаратылыстану<br>Өзін-өзі тану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Мүсіндеу<br>Қызықты математика(в) | Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру<br>Жапсыру<br>Ертегілер әлемі (в) |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 1-сабақ** | | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Керуен<br>**Мақсаты:** 1) Допты бір-біріне қос қолымен басынан асыра лактыру.<br>2) Жүгіріп келіп, биіктікке секіру.3) Гимнастикалық орындық үстімен аркаға дорбаны іліп алып,кері қолмен тартылып жылжу.<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секірулер.Керуеннің маңызы туралы, керуен | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ұлы Жібек жолы **Мақсаты:** 1) Алға карай жылжып,қос қолмен допты лактырып,қайта қағып алу.<br>2) Қос аяқпен заттар арасымен(арақашықтығы 4м)секіру. 3) Гимнастикалық орындық үстінде басқа қапшық қойып, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>**Күтілетін Нәтиже:**<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Ғарышқа сапар.Ғдыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>Автобуста<br>**Мақсаты:**<br>Жолаушылар көлігі туралы білімдерін бекіту. Әңгіме жанры туралы түсіндіру. әңгіме мазмұнын түсініп шығарма қоғамдық орын оқиғасы туралы екенін баяндап ,сипаттап айтып беру қабілеттерін қалыптастыру.<br>Кейіпкерлерді | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Мен тұратын қала ауыл<br>**Мақсаты:** Кейбір кәсіптік және ауыл шаруашылық мамандықтары туралы біледі;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіреді. Жағымды көңіл күйқалыптастыру мақсатында сабақты Кім, нені жақсыкөреді? жаттығуыменбастайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Үзіліс** | | | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br><br>**2-сабақ** | | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Көліктер және оның түрлері<br>**Мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды.<br>да.<br>Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Су ішеді, май жейді,<br>Бұларды не дейді? .Сурет бойынша көлік түрлерін атап бер. Бұл көлікті кім жүргізеді?<br>Жұмбақ<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады ол керемет.<br>(Тікұшақ)<br>Табанында жолы бар,<br>Төбесінде қолы бар.<br>(Трамвай)<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус)<br>3-тапсырма.Суретті толықтырып сал.<br>4-тапсырма. Дидактикалық ойын: | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен жол саламын.<br>Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын.<br>**Мақсаты:** Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып,<br>санын салыстырады. 1-тапсырманы<br>орындауды ұсынады.<br>Балалар үйлерді олардың нөмір<br>тізбегінің тәртібімен біріктіріп, содан кейін нөмірлері<br>тапсырмада айтылған жарық қосылған үйлердің терезелерін бояйды.<br>– Қай үйлер көбірек?<br>– Қай үйлер азырақ?<br>– Неге? – деп сұрайды.<br>Жаңалық ашу.<br>Проблемалық жағдайды шешу үшін,<br>балалардан:<br>– Мұны қалай анықтауға болады? – деп сұрайды. | **<u>Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:** Табиғат құбылыстарының ерекшелігі неде?<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы қарапайым білімдерді меңгеру. Қыста және көктемде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Табиғат құбылыстарын сипаттау (жел, тұман, найзағай, жаңбыр және т.б.)<br>Табиғат құбылыстары туралы сурет бойынша түсінік беру.балалардың білім-дерін белсендіреді. Мақсатты тұжырымдау. Балалар үлестірмелі дидак-тикалық материалдардан «табиғат құбылыстарының», «желдің», «тұманның», «най-зағайдың», «жаңбырдың», «қардың» суреттерін көрсе-теді. «Табиғат құбылыстары» тақырыбында әңгімелеу<br>Сұрақтар қойылады: Та-биғат құбылыстары дегеніміз<br>не? Табиғат құбылыстарына | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:**<br>Ертегілер еліне саяхат.Г дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:**Г дыбысы мен әрпімен таныстыру.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау .Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазады.<br>1-тапсырма<br>– Суретте кімдерді көрдіңдер? Әртүрлі ертегі кейіпкерлерін атайды. Мысалы: Елес, Гарри Поттер, Алдаркөсе, мыстан.<br>«Газет», «Галстук», «Гу-гу!», «Глобус» сөздерін қайталайды. Сөздердің басында естіліп тұрған дыбысты ажыратады. | **<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Қазақстанның оңтүстігінен солтүстігіне саяхат<br>**Мақсаты:1** ) Қос аяқпен заттар арасымен (арақашықтығы 4м) секіру.<br>2) Гимнастикалық орындық үстінде басқа қапшық қойып, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>3) Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**–** Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай<br>отырып өзгермелі жағдайларда секірулер. Балалармен баскетбол добын қарастырыңыз, оның ерекшелігіне назар аударыңыз. Баскетбол добын футбол<br>добымен және волейбол добымен салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау ұсынылады. Баскетбол ойынының ережелерімен таныстырыңыз. Спортшылардың тамақ рационына назар аударыңыз. Бағытты өзгерте отырып, бір қатар саппен шеңбер бойлай жүру және жүгіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Сөйлемдерді толықтыр». сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырады. Мысалы: Егер жермен жүрсе бұл ... (жер) көлігі. Олар: КамАЗ, автобус, өрт сөндіргіш мәшине. Егер сумен жүрсе бұл ... (су)көлігі. Олар: кеме, қайық, катер. Егер әуеде ұшса, бұл .. (әуе) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ, зымыран.балалармен қоғамдық көлікте ережелерді сақтау туралы әңгімелеседі. Ережелерді балалармен бірге талқылау. – Қоғамдық көлікке ешкімді итермей, асықпай кір. – Айналадағы адамдармен сыпайы сөйлес. – Көліктің ішін ластама, орындықты сызба. – Жолақысын уақытымен төле. – Үлкен кісілерге орын бер. | Қиындық туындаған жағдайда, балаларға заттардың санын салыстыру тәсілдерінің бірін ұсынады. Балалар жарық жағылған әрбір үйді жарықсыз үймен сызықпен біріктіре отырып, бірыңғай сәйкестік тәсілін таңдайды. Балалар өз бетінше қорытынды жасайды: өйткені қалған жарықсыз үйлерді біріктіретін ештеңе жоқ, яғни олардың саны жарығы бар үйлердің санынан көбірек. Әрі қарай балалар жарығы бар үйлердің саны жарықсыз үйлердің санынан аз деген кері сәйкестікке келеді. Сергіту сәті. Балаларға үйлер көп пе, әлде шатырлар көп пе екенін анықтау ұсынылады. Балалар үйді шатырмен жұптастырып сызық арқылы біріктіреді. – Олар тең болу үшін не істеу керек? – деп сұрайды. | нелер жатады? Қар қай мез-гілде жауады? Жаңбыр қалай пайда болады? Найзағай қай кезде пайда болады? – Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Олар: жел, боран, кемпірқосақ, қар, жаңбыр, бұршақ жауу т.б. – Тұман – табиғат құбылысы. Ол да – ұсақ су тамшылары. Ол жерге таяу жиналады.. | Педагог балалардан сұрақ сұрайды. – Қай мультфильм ұнайды? Балалар өздеріне ұнайтынмультфильм дер туралы айтады. Ертегі сөзін буынға бөліп, Г дыбысы естілетін буынды табады. 2-тапсырма. «Қаршақыз бен жеті құртақан» атты туралы ертегіден үзінді көрсетеді. Жеті цифрын белгілейді. Балалар сандарды тура және кері санайды. Сегіз сөзін буынға бөледі. Сегіз сөзіне сөйлем құрайды. Г ұяң дауыссыз дыбыс екенін беледі. 3-тапсырма. Г әрпін үйренеміз. Педагог өлең жолдарын оқи отырып, г әрпінің бейнесімен таныстырады. Тақтаға Г әрпінің баспа түрін іліп қояды. Құтан суретіндегі мойыны Г-ге ұқсап тұрады. Және Г әрпіне ұқсайтын гүлдің суреті де болады. Балалар Г | Кедергі заттар арасымен жүру және жүгіру. Кедергі заттардан аттап өте отырып жүру. Допты себетке лақтыру. Нұсқау: екі қолдап жоғарыдан лақтыру, көп жағынан алғанда лақтырудың кеудеден екі қолмен жасалатын түріне ұқсас, бастапқы қалыпта доп маңдайдан жоғары ұсталады, ал бүгілген қол шынтақтары бет деңгейіне дейін көтеріліп алға қарай бағытталады. Допты нысанаға көздеген кезде аяқ та бір уақытта бүгіледі. Саусақтарды ашып, допты лақтыруға дайындалады. Балалар допты лақтыру кезінде тұрыстарын өзгертпей, шынтақтарын екі жаққа созбай және ұшып бара жатқан допқа қарап тұрулары қажет. Бір орнында қос аяқты серпе отырып, 30 см биік заттың үстіне қарғып шығу – жерге екі аяқтап түсу. Секіретін жолаққа келіп қолды сермей отырып, бар күшпен қос аяқты серпугетырысады. Жерге түскенде аяқты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әрпінің бейнесін ауада<br>жазып жаттығады.<br>Естеріне сақтайды. | тізеден сәл бүгіп, қолды алға қарай жазады. |
| **Үлкен үзіліс** | | **Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>«Кім жетіспейді?» сурет бойынша жұмыс<br>**Жанама бақылау** | **Дидактикалық ойын «Ғажайып жаңбыр» ойыны** | **«Мен әдепті баламын» ән айту**<br>**Жанама бақылау** | **Мазмұнды рөлді ойын: «Асхана»**<br>**Жанама бақылау** | **Дидактикалық ойын: «Ақшақар»**<br>**Жанама бақылау** |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br>**3-сабақ** | | **<u>Русский язык</u>**<br>**Тема:** Дружи с гаджетами<br>Моя одежда<br>**Цели**: Балаларды зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдана білуге, сөзді дыбыстап айту кезінде екпінді дұрыс қоюға үйрету;<br>**Предполагаемый результат:** Произносить и различать звуки в словах и фразах. задание №1.<br>Какую одежду носят дети? Послу-шай и повтори. имитация движений при надевании предметов одежды.<br>дети называют, что они «надевали». введение обобщаю-щего понятия «одежда».<br>Чистоговорки.<br>Ша-ша-ша – твоя шуба хороша!<br>Цу-цу-цу– юбка тебе к лицу!<br>то-то-то – я иду в пальто. | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** Бізді зымырандар күтуде.(Сюжетті)<br>**Мақсаты:** Заттар мен олардың суретін салу тәсілдерін бекіту , сюжетті сурет салу Балаларды бастап-ақ,<br>Ұшар едім алысқа.<br>Болар едім космонавт,<br>Зымырар ем ғарышқа.<br>Жүзер едім көкте мен,<br>Жүйткіген бір еліктей.<br>Жұлдыздарды көптеген<br>Аралар ем зерікпей.<br>С. Иманасов<br>Сендер ұшуға қалай, дайынсыңдар ма? Бір-біріңнің алақандарыңды қысу арқылы көрсетіңдер. Қуаныштың ерекше арманы бар: ғарышқа ұшу. Ол аспанға қарап, жұлдыздарды бақылауды ұнатады.<br>**(Ұ)** Аспанда жұлдыздардан басқа не бар? (Ай, Күн, ғаламшарлар.) Дұрыс, қаншама қызық бар. Ертеде | **<u>Өзін-өзі тану</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен ұқыпты баламын<br>**Мақсаты**:Ұқыптылық, жағымды әдеттер туралы түсініктерін кеңейту, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, жағымды әдеттерге тәрбиелеу. Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.<br>Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан | **<u>Мүсіндеу</u>**<br>**Тақырыбы:** Сандықты аш, білімнен шашу шаш. Сандықты безендір (ою өнері)<br>**Мақсаты:** Заттарды әсемдік элементтермен безендіру.<br>**Күтілетін Нәтиже:** «Мүсіндеу алгоритмін балалармен бірге талқылау»<br>1. Сандықтың негізгі бөлігін қатырғықағаздан қиып, жапсырып аламыз.<br>2. Ермексаздан кішкене кесіп алып, пластина жасаймыз.<br>3. Қапталын пышақпен кесіп, дайындаған қатырғықағазға жапсырамыз. | **<u>Жапсыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Басқұрды безендіреміз<br>**Мақсаты:** қошқар мүйіз" өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, коймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдануды<br>**Күтілетін нәтиже:** Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қияды. Тәрбиеленушілер суретке қарайды. Басқұр – бұл қазақтың киіз үйін бекіту мен жабдықтауға арналған салтанатты әрі сәндік жолақтар. Басқұрды геометриялық және өсімдік оюлы өрнекпен әшекейлейді. Педагог балалардың қандай материалмен жұмыс істейтіні жөнінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Щи-щи-щи – осенью нужны плащи. задание №2. Послушай и расскажи, во что ты одет.Педагог предлагает послушать диалог серика и Асель. рассказать, во что одеты сами дети.<br>задание № 3. игровое упражнение «Один – много».<br>Юбка – юбки; платье – платья; куртка – куртки.Пальчиковая гимнастика «Ботинки».<br>всюду, всюду мы вдвоем (средний и указательный пальцы<br>«шагают» по столу.)<br>Неразлучные идем.<br>Мы гуляем по лугам,<br>(загибают по одному пальчику, начи-ная с большого.)<br>По зеленым берегам,<br>вниз по лестнице сбегали,<br>вдоль по улице шагали,<br>После лезем под кровать.<br>(Укладывают ладони на стол.)<br>Будем там тихонько спать.<br>задание № 4. Заштрихуй по образцу. | адамдар жұлдыздарды, олардың қозғалысын бақылағаны белгілі. Кейіннен адамдар жұлдызды аспанды бақылап қана қоймай, зерттей бастады, ол үшін қарама-қарсы жақтарында үлкейтетін шыны – линза орналасқан телескоп – ойлап табылды. Оның көмегімен ең қашықтағы жұлдыздар да көрінеді. Сендер қандай ғаламшарларды білесіңдер? Басқа ғаламшарларда тіршілік бар деп ойлайсыңдар ма? Мұны телескоптан басқа немен тексеруге болады? Иә, адамдар ғарышқа ұшуға шешім қабылдады. Қуаныштың ғарышқа ұшқысы келетін жеке зымыранын салайық.<br>**(Ұ) Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.**<br>Зымыран қандай көлік түріне жатады?<br>Ойлан да, зымыранды немен салыстыруға болатынын айт.<br>Ауа шарымен тәжірибе жасауды ұсынады.<br>**Проблемалық сұрақ**:<br>Қуанышқа ғарышқа қандай заттарды алу керек?<br>**(Ұ) Саусақ жаттығуы**<br>Аспанда жұлдыздар жымыңдайды, | баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-<br>қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.<br><br>Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.<br><br>Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. | 4. Қара түсті ермексаздан бірнеше ширатпа дайындап аламыз. Бұл безендіру үшін қажет.<br>– Ширатпаны қандай тәсілмен дайындаймыз?<br>5. Сандықты баланың таңдауы бойынша ою-өрнектермен безендіреміз (мүйіз, ботагөз).<br>6. Құлып жасаймыз.<br>Ой қорыту.<br>Сандықтың барлық бөліктері бір-біріне сәйкес, үйлесімді әрі тегіс болуы шарт.<br>Бөлшектерді қандай тәсілмен біріктіреміз? (Жағу арқылы).<br>Ой қорыту.<br>Киіз үй қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне сай жабдықталған.<br>Сандық ұлттық ою-өрнектермен нақышталған.<br>Қазақтар ұзатылатын қыздың жасауына міндетті түрде сандық қосқан. Оның үстіне көрпеше, көрпе-жастық жиналады. Төсек-орынды қыздың жақын туыстары дайындайды. | ойлануды ұсынады. (Қағазбен) Қандай құралдармен? (Қайшы, желімге арналған жаққыш, қарындаш).<br>Болжалды композицияға назар аударады: жолақтар қандай болады, қандай ою-өрнек қолданылады? Ұнаған<br>ою-өрнек үлгілерін таңдауды ұсынады. Фон түсін таңдайды. Қию тәсілдерін анықтайды. Фон әзірлемесіне жай қарындашпен басқұр жолағының суретін салады, қиып альбомға жапсырады.Өз бетінше қиып алып, ою-өрнектің дайын үлгіқалыбын алады.Қағазды белгілі тәсілдермен: екіге немесе қатпарлап<br>бүктейді. Ою-өрнектің бүгу сызығы бойымен ою-өрнектің үлгі қалыбын қойып, жай қарындашпен сызып алады.тәрбиеленушілердің назарын заттың шеткі сызықтарына аударады. Шеткі сызықты қию оңай болу үшін оң жақтан солға қарай қияды.Сосын белгілер бойымен ою-өрнекті қиып алады да жазады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | *(Саусақтарын жұмады және ашады.)*<br>Ғарышкер зымыранмен ғарышқа ұшып барады.<br>*(Алақандар бастан жоғарыда қосылады.)*<br>Күн демей, түн демей ұшып,<br>Төменге – Жерге қарайды.<br>.Жоғарыдан кең даланы,<br>(*Саусақтарын біріктіреді.*)<br>Өзен, көл, тауларды көреді.<br>*(Қолдарын жандарына созады.)*<br>.Жер біздің үлкен үйіміз.<br>*(Алақандарын бастарынан жоғары «шатыр» сияқты ұстайды).*<br>**(Ұ) Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы**<br>Педагог бояулар және балауыз борлармен жұмыс істеу ережелерін еске салады. Жұмыс барысында жұмыс орны мен құралдарды таза ұстауды, бояуды үнемдеп жұмсауды, оны қылқаламның ұшымен алуды сұрайды.<br>**(Ұ) Жұмыстың орындалу технологиясы**<br>Бүгін бізге балауыз борлар мен акварель бояу қажет болады<br>**Әліппе-альбоммен жұмыс.**<br>3–4 басты нысан таңдаймыз да, оларды қағаз бетіне балауыз борлармен саламыз. Сендер ғажайып деңгейде әсем жұлдыздардың жарқырауын, кометалардың | Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.<br><br>Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын.<br><br>Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын…<br>Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын… Нұр менің ішімде… Мен Нұрмын».<br><br>Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз…<br><br>Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | түрлі түсті құйрық қалдырып ұшуын, зымыранды сала аласыңдар.<br>Артынан акварель бояумен рең саламыз. Бүкіл парақты барлық жұлдыздар мен ғаламшарлар жақсы көрінуі үшін қара бояумен бояймыз. Күлгін не қара-көк, қою қызыл бояуларды аламыз да, бүкіл парақты түсті дақтарға бояймыз. Түрлі түсті борлар қара рең бетінде байқалады. | жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.<br><br>Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.<br>***Сұрақтар:*** 1. «Ұқыпты болу» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? 2. Ұқыпты бала қандай болады деп ойлайсыңдар?<br>4. **Дәйексөз.**<br>*«Ұқыпты бала үлгілі бала»*<br>***Абай Құнанбаев***<br>Дәйексөздің мағынасын ашу. Хормен қайталату Ұл балалар қайталайды, қыздар қайталайды, сосын бәрі түгел хормен айтады.<br>Жаттаймыз<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Кірлесе егер киіміміз,<br>Өзіміз жуып аламыз.<br>Әрқайсымыз оң қолымызбен жүрегімізді ұстап көрейік. Өз жүрегіміздің жылылығын сезініп, жүрек жылуымызды адамдарға, айналамызға жеткізу үшін іштей оларға жақсы тілектер тілейік. Жақсы ой ойлайық, жақсы сөз сөйлейік, жақсы іс жасайық! Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жүректерің | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ізге түйіп<br>алыңыздар. Рахмет!<br>Көздеріңді ашуға болады. | | |
| **Үзіліс** | | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br>**4-сабақ** | | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Қызықты жорық<br>**Мақсаты:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**–** Жорық деген не? Оның адам организміне пайдасы туралы түсіндіру.<br>– Демалыс күндері отбасыңмен бірге қайда қыдырасыңдар?<br>– Тауға жорыққа шығып көрдің бе?<br>Сұрақтар қою арқылы әңгімелесу. Музыка тыңдау: «Жол жыры»<br>– Ән мазмұны мен қай суретті байланыстырар едің?<br>– Ән сипатына сәйкес қалай орындалады? Ән айту: «Жорық жыры» (муз. Н. Тілендиев, сөзі М. Әлімбаев). | **В/к Көркем жазу**<br>**Тақырыбы**: К к және Үү дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Құрамында к дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуді үйрету. К дыбысы және әрпімен таныстыру.<br>Ү дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру.<br>**Кіріспе бөлім:** Сәлемдесу, журнал толтыру.<br>Оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>**Негізгі бөлім:** 1- тапсырма. К, Ү әріптерін көркем жаз<br>Е с і н д е с а қ т а!<br>К-дауыссыз, қатаң дыбыс<br>Ү-дауысты, жіңішке дыбыс<br>2- тапсырма. "Қысқы ойындарды" ата, суретін сал.<br>**Көлік түрлері**<br>Жолаушылар яғни адамдар әр түрлі себептермен бір жерден екінші жерге қатынайды. Біреулер туыстарына барса, енді біреулері сауда жасау үшін бір қаладан екінші қалаға | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: Бағдаршам бағыт береді<br>**Мақсаты:**Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>М узыка тыңдау: «Бағдаршам»<br>(муз. Н. Дүкенбаев, сөзі С. Дүкенбаев).<br>– Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің?<br>– Шығарманың қарқыны қандай? | **В/к Қызықты математика**<br>**Тақырыбы**: 9 саны<br>**Мақсаты:** 9 санымен және цифрымен таныстыру, өзінен кем екі саннан тұратын 9 санын таныстыру. Натурал сандар қатары арасындағы қатынасты түсінуге үйрету. (9 саны 8санынан 1 – ге артық, 8 саны 9 санынан 1 – ге кем) 9 – ға дейінгі есептік және реттік санау.<br>**Күтілетін нәтиже:** 9 санымен және цифрымен танысады, 9 санын таныстыра алады. Натурал сандар қатары арасындағы қатынасты түсінеді (9 саны 8 санынан 1 – ге артық, 8саны 9 санынан 1 – ге кем) 9 – ге дейінгі есептік және реттік санды санай алады. | **В/к Ертегілер әлемі**<br>**Тақырыбы**: Жыл басына таласқан жануарлар ертегісіне қойылым қою<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып беру. Мазмұнын түсініп айта білуге, қойылым қоюға дағдыландыру.Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.Ертегіге деген қызығушылығын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ертегіні тыңдай білу, баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.<br>**Ресурстар**: Жыл басына таласқан жануарлар суреттері<br>**Әдіс тәсіл:** түсіндіру, 4К, бала үні, бақылау, саралау<br>**Өткенге шолу:** ашық сұрақтар арқылы<br>**Ой қозғау:** қай жануар жыл басы болды?<br>**Айтылым**<br>**Ширату** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Әннің сипатын, екпінін анықтау үшін сұрақтар қою.<br>Ән көңілді, сергек, шаттық сезіммен орындалатынын түсіндіру.<br>Әнді сипатына сай орындап беру.<br>Мәтіні мен әуенін, жоғарғы дыбыстарды таза, анық айтуларын қадағалау. Әннің көңіл күйін сезіне орындауға дағдыландыру.<br>Мәтіні мен әуенін таза, анық айтуларын қадағалау.<br>– Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады?<br>айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы: Әннің ырғағы, екпіні қандай? Тыңдаған әннің көңіл күйін қай түспен сипаттар едің?<br>Балақай, сені дыбыстар еліне саяхатқа шақырамыз. Мұқият бол!<br>Көк сызықпен шулы дыбыс беретін заттарды белгілеп көрсет.<br>Ал қызыл сызықпен музыкалық дыбыс беретін заттарды белгіле.<br>Қандай көлік түрлерін білесің? Саған қай көлік ұнайды? Орман тұрғындарына өз үйлеріне тез жетуіне көмектес. | барады. Алыс ауылдар мен қалалар арасында жолаушылар таситын көліктерге, машиналарға мінеді. Машиналар өздеріне керекті жерлеріне тас жолдармен апарады. Қалада көлік түрлері өте көп.<br>**Тапсырма:** Көлік түрлерін айт Топта, жеке жұмыс істеуді үйренеді; Жаңа білім туралы ақпараттарды біледі; Адам өміріне маңыздылығын түсінеді.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>-әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыланады;<br><br>-әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;<br><br>-грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;<br><br>-шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.<br><br>- сауатты жазу дағдылары қалыптасады; | – Әннің мазмұнында не туралы айтылады?<br>Дауыс жаттығуы: «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту.<br>Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.<br>Ән айту: «Бағдаршам»<br>– Әннің мазмұны туралы не айта аласың?<br>– Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?<br>Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету.<br>Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. | **Ресурстар**:сандар<br>**Әдіс тәсіл:** түсіндіру, 4К, бала үні, бақылау, саралау<br>**Өткенге шолу:** ашық сұрақтар арқылы<br>**Ой қозғау:** Сандарды санау<br>**Айтылым**<br>**Ширату**<br>**Бақылау:** жанама, тікелей, жалпылама<br>**Бала үні**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>9 цифрларын салу<br>**Бейнеле:** ермексазбен 9 санын жасау<br>**Саралау:** өнім арқылы<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**.<br>«Сан құрастыр»<br>**Рефлексия:** оқу қызметі бойынша<br>**Кері байланыс:** жұлдызша арқылы | **Бақылау:** жанама, тікелей, жалпылама<br>**Бала үні**<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>**Рефлексия:** оқу қызметі бойынша<br>**Кері байланыс:** «Ақылды достар» тәсілі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аюға – қоңыр, қоянға – жасыл, қасқырға – көк, торғайға қызыл түстермен жол салып көрсет, сызықпен үйіне жеткіз | | | | |
| **«Ертеңге дейін сау бол...»** Ата-аналармен қарым-қатынас. Кеңестер. Үйге қайту. | | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Ата-аналарға кеңес. «Тұмаудан сақтанайық!» | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналарлан талап ету. |

**Тексеру күні: 31.01.2022ж**
**Жоспар тексерілді.**
**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:__________Г. Ибрагим**
**МДҰ-ның тәрбиеленушілердің оқу қызметі кестесі бойынша ҰОҚ-і және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы.**
**Мектепалды даярлық топ.**
***Бір апта аралығы* 31.01 - 04.02.2022.ж. Ақпан айы.**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

«**Мақсаты:** Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына не баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

**Міндеттері :**

- рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру
- құрдастары мен ересектерге бағытталған мейірімділік қарым-қатынасын, өзінің эмоциялары мен сезімдерін білдіре білуді дамыту
- адамгершілік мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі<br>31.01.22ж | Сейсенбі<br>01.02.22ж | Сәрсенбі<br>02.02.22ж | Бейсенбі<br>03.02.22ж | Жұма<br>04.02.22ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сабақ кестесі | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Русский язык<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Сурет салу<br>Көркем жазу(в) | Сауат ашу негіздері<br>Жаратылыстану<br>Өзін-өзі тану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Мүсіндеу<br>Қызықты математика(в) | Құрастыру<br>ҚМҚН<br>Жапсыру<br>Ертегілер әлемі (в) |
| Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. | | **«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, балалар!»**<br>Ата-аналармен, балалармен сәлемдесу, баланың жағдайына назар салу, ата-анадан баланың жағдайын сұрау, баланың дене қызуын өлшеу. | | | | |
| Таңертеңгілік гимнастика | | Жаттығулар кешені. Жан-жақты дамытушы жаттығуларды жалаушалармен орындау<br>**Жалпылама бақылау** | | | | |
| Гигиеналық шаралар | | Гигиеналық шараларды реттілігімен орындауын қадағалау. Бетперденi дұрыс қолдану.<br>**Жанама бақылау** | | | | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметі 1-сабақ | | **<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Шетелге саяхат<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық, жылдамдық дағдылары қалыптасады.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1)Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>2) Қос аяқпен заттар арасымен(арақашықтығы 4м) секіру. | **<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Шетелге саяхат<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық, жылдамдық дағдылары қалыптасады.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1)Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>2) Қос аяқпен заттар арасымен(арақашықтығы 4м) секіру.<br>3)Көлбеу басқышпен | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Тақырыбы:** Ертегілер еліне саяхат.Гдыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>**Әліппе-дәптермен** | **<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Тақырыбы:**<br>Мақтақыз бен мысық<br>**Мақсаты:** таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау;кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; | **<u>Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Киіз үйді қалай безендіремін?<br>**Мақсаты:** 14 бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру.<br>Педагог тәрбиеленушілердің назарын алдын-ала құрастырылған киіз үйге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>Құрылымдалған ойын: «Айлакер түлкі»<br>Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.<br>Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.<br>Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br>Еркін ойын | жайлы салыстырмалы әңгімеге қатысады. Қыс мезгіліне тән белгілерді айтады.<br>Құрылымдалған ойын: «Қуып жет»<br>Мақсаты:<br>Шапшаң жылдам қимылдайды достарына көмек көрсетеді<br>Еңбек:«Ауланы қардан тазалау»<br>Мақсаты:ұқыпты жұмыс жасауға үйренеді<br>Еркін ойын | бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?- үй мұржаларынан шыққан түтіннен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. | ерекшеліктерін айта алады<br>Сөздік корлары артады<br>Балалармен жеке жұмыс: Сұрақ-жауап алмасу.<br>Қыс мезгілінде неше ай бар? т.б<br>Құрылымдалған ойын: «Кім баяу» еркін қимыл іс-әрекет жасауға жүгіру, шартына сай әрекет орындауға үйренеді<br>Еңбек: Өз ауламызды тазалау<br>Мақсаты:.<br>Ұқыптылыққа, жинақылыққа дағдыланады. | Мақсаты: Балалардың дүние танымын, тіл байлығын дамыту.<br>-Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат –жер , тау, ағаш, су, орман, өсімдіктермен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта.<br>Құрылымдалған ойын:«Өз үйінді тап»<br>Мақсаты: еркін қимылдайды ойын ережесіне сай орындайды<br>Еңбек: Топ ауласын бұтақтардан, қоқыстан тазалау.<br>Мақсаты:тазалыққа бейімделеді еңбек етуге үйренеді<br>Еркін ойын |
| Балалардың үйге қайтуы | | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | «Отбасында жағымды көңіл-күй бала үшін маңызды» ата-анаға кеңес | Ата-аналарға кеңес. «Тұмаудан сақтанайық!» | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналарлан талап ету. |

**Тексеру күні: 21.02.2022.ж.**
**Жоспар тексерілді.**
**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:** ______________ **Г. Ибрагим**
**МДҰ-ның тәрбиеленушілердің оқу қызметі кестесі бойынша ҰОҚ-і және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы.**
**Мектепалды даярлық**

***Бір апта аралығы* 21.02-25.02.2022.ж. Ақпан айы.**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

«**Мақсаты:** Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

**Міндеттері :**

- рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру
- құрдастары мен ересектерге бағытталған мейірімділік қарым-қатынасын, өзінің эмоциялары мен сезімдерін білдіре білуді дамыту
- адамгершілік мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 21.02.22ж | Сейсенбі 22.02.22ж | Сәрсенбі 23.02.22ж | Бейсенбі 24.02.22ж | Жұма25.02.22ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сабақ кестесі | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Русский язык<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Сурет салу<br>Көркем жазу(в) | Сауат ашу негіздері<br>Жаратылыстану<br>Өзін-өзі тану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Мүсіндеу<br>Қызықты математика(в) | Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру<br>Жапсыру<br>Ертегілер әлемі (в) |
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | | **«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, балалар!»**<br>Ата-аналармен, балалармен сәлемдесу, баланың жағдайына назар салу, ата-анадан баланың жағдайын сұрау, баланың дене қызуын өлшеу. | | | | |
| **Таңертеңгілік гимнастика** | | Жаттығулар кешені. Жан-жақты дамытушы жаттығуларды жалаушалармен орындау<br>***Жалпылама бақылау*** | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | | Гигиеналық шараларды реттілігімен орындауын қадағалау. Бетпердені дұрыс қолдану.<br>***Жанама бақылау*** | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br>**1-сабақ** | | <u>**Дене шынықтыру**</u><br>**Тақырыбы:** Туған өлке<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық,жылдамдық дағдылары қалыптасады.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1) Педагогтың белгісі бойынша қолды түрлі қалыпта ұстап жүру. Басқа қимыл түрлерімен үйлестіре жүгіру/секіру, жүреден отыру, тоқтау. | <u>**Дене шынықтыру**</u><br>**Тақырыбы:** Туған өлке<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық,жылдамдық дағдылары қалыптасады.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1) Педагогтың белгісі бойынша қолды түрлі қалыпта ұстап жүру. Басқа қимыл түрлерімен үйлестіре жүгіру/секіру, жүреден отыру, тоқтау. | <u>**Сауат ашу негіздері**</u><br>**Тақырыбы:** Шөл дала мен сулы жер. Ө дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Әртүрлі 3-4 дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі.Жазу жолын, | <u>**Көркем әдебиет**</u><br>**Тақырыбы:** Үлкенге құрмет кішіге ізет<br>**Мақсаты:** әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалау.<br><br>**Ұ)** Педагог тәрбиеленушілерге жағымды ахуал | <u>**Қоршаған ортамен танысу**</u><br>**Тақырыбы:** Қазақ халқының мәдениеті<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының тарихи түп тамыры туралы: қазақ киіз үйінің құрылысы және ішкі жиһаздары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін |

| Үзіліс | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br><br>**2-сабақ** | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Өмірге келдім<br>**Мақсаты**: Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету;<br>**Шаттық шеңбері**<br>Балалар шеңбер құрып, бір-біріне жылы тілектер тілейді.<br>- Айша, әдемі қыз болып өс.<br>– Мәди, зерек бала бол.<br>– Зейнеп, сыпайы бол.<br>– Балалар, сендер салт-дәстүр дегеннің не екенін білесіңдер ме?<br>– Салт-дәстүрді білу не үшін керек?<br>– Сенің отбасында қандай салт-дәстүрді ұстанады?<br>– Енді, балалар, назарларыңды тақтаға аударыңдар. Сәби өмірге келгенде салтымыз бойынша ата-анасы той жасайды. Той *шілдехана* деп аталады. Сәбиге есім қойылады. Шілдеханада | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Атам мен әжемнің ауылына барамын. Бөліктерден фигура құрастырамын.<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді модельдеуге, заттарды тең және тең емес бөліктерге бөлуге, бүтін мен бөлікті салыстыруға, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинастыруға, ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыруға үйрету.<br>**Шаттық шеңбер.**<br>Күннің көзі ашылды<br>Көкке шуак шашылды<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Ал кәнекей бәріміз<br>Сәлемдейік үлкенге<br>Сәлеметсиздер ме<br><br>Мен қандай пішіндер құрастырдым кәне атап көрейікші. Балалар ата мен әженің ауылына саяхатқа барғыларың келе ме?<br>Ата мен әженің ауылына жету үшін бізге көптеген тапсырма беріліпті осы тапсырмаларды дұрыс орындасақ ата мен әженің ауылына жетеміз. Келісесіңдер ма? | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Қозғалыс және күш деген не?<br>**Мақсаты:** Адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.Таныс материалдармен дербес эксперимент жасай алады, себеп-салдар байланыстарын орната білуге үйретеді.<br>**Педагог жұптық эстафета «допты беру»?**<br>**Мақсаты:** Жылдам қозғалып, допты дәл қолға беруге, шапшаңдыққа үйрету.<br>**Құрал-жабдықтар:** доптар, топтардың санына байланысты.<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылар бір-біріне қарама-қарсы жұп-жұбымен тұрады. Бір ойыншыда доп.<br>Ойыншылар жүгіріп келе жатып, бір-біріне допты беріп отыруы тиіс.<br>Эстафеталық ойынды бірінші аяқтаған топ жеңімпаз атанады.<br>Педагог балалардан қандай әрекет жасағанын сұрайды. (Жаттығулар орындады, қозғалды).<br>Айналамызда тағы не қозғалады? (Балалардың болжамдары тыңдалады). | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз көне заттар музейіндеміз.З дыбысы мен әрпі.<br>**Мақсаты:** З дыбысы мен әрпімен таныстыру.Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.Педагог балалардың зергердің суретін көрсетіп, зергердің атқаратын міндеті туралы әңгімелейді.<br>Балаларға сұрақ қояды.<br>–Сендердің үйлеріңде әшекей бұйымдар бар ма?<br>–Мұражайға барып көрдіңдер ме?<br>Балалар сұраққа жауап беріп өз ойларын айтады.<br>**(Ұ,Ө)Әліппе-дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>Педагог балаларға қару- | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ат жарысы<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық,жылдамдық дағдылары қалыптасады.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**1)** Бастаушыны ауыстыра отырып, қарқынды өзгерте оңға, солға аяқты-аяққа таяп қойып жүгіру; бір қатардан екі қатарға тұру және қайта кері тұру.<br>**2)** Өкшеден аяқтың ұшына ауыса, баяу белгі бойынша секіре бұрылып жүгіруге; би қимылдарын орындауға жаттықтыру.<br>**3)** Шахмат тәрізді қойылған кеспек ағаштардың үстінен қос аяқпен секіруді бекіту. Тізерлеп тұрып допты бір-біріне қос қолмен басынан асыра лақтыруды үйрету.<br>**(Ұ,Ө)** Балалармен қазақтың дәстүрлі ат жарысы туралы әңгімелесу.<br>Аламан бәйге – алыс қашықтыққа шабу, даладағы түрлі табиғи кедергілерден өту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көп қонақтар жиналады, олар балаға өзінің тілектерін білдіреді, ойын-сауық өткізеді. Осылайша баланың алғашқы қадамы басталады.<br>**Көптілділік:** ***сәби–младенец–baby, салт-дәстүр–обычай–custom***<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс:**<br>***1тапсырма.***<br>Суретте қандай салт-дәстүр бейнеленген?<br>Ол туралы не білесің?<br>Балаларға арналған тағы қандай дәстүрлер бар?<br>**Ойын:** «Жақсы тілек».<br>*Шарты:*<br>Шеңбердің ортасында тұрған бала: «Сәбиге қандай тілек тілеуге болады?» -деп сұрайды да, допты лақтырады. Екінші бала жауап қайтарып, допты кері лақтырады.<br>– Өмірі ұзақ болсын!<br>– Дені сау болсын! т.б. | Бүгінгі оқу қызметіміз қызықты өту үшін сендерді үш топқа бөлдім. Бұл жерде топпен бірлесе жұмыс жасаймыз топ басшы сайлап алып оның шешімдерімен келісу керек.<br>Дайын болсаңдар топтарыңды анықтап алайық.<br>1-топ Алғырлар тобы<br>2-топ Білгірлер тобы<br>3-топ Зеректер тобы<br>Олай болса<br>1- топқа тапсырма. Түтікшелерден фигура құрастырамыз.<br>2- топқа тапсырма. Фигураның жартысын тауып жол саламыз.<br>3- топқа тапсырма. Фигуралардан Ата мен әженің ауылын құрастырамыз.<br>**Сергіту сәті**<br>Бойымызды сергітіп алсақ келесі тапсырмаға көшейік. Бәріміз тақтаға қараймыз мұнда бізге есептер беріліпті, осы есепті дұрыс шығарсақ есептің артында не жасырынғанын көреміз. Міне ата мен әженің ауылына да жеттік. Ал енді дәптермен жұмыс жасаймыз.<br>**Қорытынды:**<br>Біз бүгінгі оқу қызметінде не туралы өттік?<br>Оқу қызметінде не | Қозғалыс деген не? Бұл ҰОҚ-ның тақырыбы.<br>Біз бұл туралы не білеміз? Қозғалыс деген не және адамдардың өмірінде оның рөлі қандай...<br>Ойланайық…<br>…… қозғалыс – заттардың орнын ауыстыруы.<br>… күш – бір дененің екінші денеге әрекет етуі<br>…… қозғалыс пен күш жанды табиғат әлемінде үлкен рөл атқарады деп ойласақ?<br>Көбелек қуып жүрген<br>Түрлі денелердің қозғалысымен<br>Педагог балаларға сұрақтар ұсынады. Бұл сұрақтар денелер мен заттардың қасиеттерін және де қозғалыс, күш, жарық, дыбыс, жылу сияқты қызықты құбылыстарды бақылайды. Бұл құбылыстар не деп аталады?<br>**Өзекті сұрақтар.**<br>Ойланыңдар, қозғалмалы және қозғалыссыз денелерге не жатады?<br>Неге қозғалмалы және қозғалыссыз денелер деп аталған. Неге барлық денелер қозғалмайды?<br>Күш дегеніміз не?<br>Балаларға «Кім күшті?» әңгімесін баян- | жарақтар, музыкалық аспаптар мен қазанның суреттерін көрсетеді.<br>Балалар заттардың аттарын атайды: *қобыз,семсер,садақ,қазан,найза,домбыра,сыбызғы.*<br>Суреттегі заттарды ататып, сызықпен қосып топтастырып, сұрақтарға жауап беру.<br>Сен қандай музейде болдың?<br>Артық зат қайсысы? (Қазан).<br>Суретте берілген заттардың аттарынан **З** дыбысын табу.<br>**З** дыбысының орнын анықта.Балалар кеңістікті бағдарлайды.<br>**З** дыбысы нешіншібуында екенін айт.<br>**2-тапсырма**<br>Педагог балаларға моншақтармен түсті қағаздардан З әрпін құрастыруды ұсынады.<br>**3-тапсырма.**<br>Қай зат үстінде тұр?Сол заттың суретін боя. | Қысқа және орташа қашықтыққа шабу.<br>Қашықтықтар санаты: 7,12 және 16 км.<br>Жамбы ату (садақ атысының орнына).<br>Баяу жүру, жүгіру – 2 минут, тыныс алуды қалпына келтіру.<br>Қамшымен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.<br>**«Бәйге»**<br>Топ мүшелерінің әрқайсысы заттар арасымен атпен шапқандай шоқырақтап жүгіріп, топқа кері қайтады. Қамшыны қатардағы келесі баланың қолына берген соң, саптың соңына барып тұрады.<br>**«Жамбы ату»**<br>Мәре сызығынан 7 метр қашықтыққа тік нысана орнатылады. Балалар атпен келіп 4 метр қашықтықтан нысанаға дәлдеп тигізуі тиіс.<br>**«Тыма құру»**<br>Мәре сызығынан 6 метр қашықтыққа шаршылар орна-ластырыңдар. Шаршылардың үстіне тымақ қойылады. Ойынға қатысушылар атқа мініп тымақты қамшымен бір |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Әліппе-дәптермен жұмыс**<br>***2-тапсырма.***<br>Баланың жасына қарай суреттерді сәйкестендір. Нәрестенің суреті мен бесікті; бір жастағы бала мен ала жіп және қайшыны; 5-6 жастағы бала мен ер-тоқымды атты сәйкестендіреді.<br>***3-тапсырма.***<br>Жұмбақ шешейік. Әкесі баласын көтереді,<br>Баласы бөркін көтерді<br>*(Кереге,уық,шаңырақ)*<br>Төрт бұрышты, бір ауызды.<br>*(Сандық)*<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.<br>(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап қорыту.<br>Балалардан бесікті түсті қарындашпен бояуын сұраңыз:<br>Ештеңе түсінбедім – қызыл | жасадық?<br>Оқу қызметінде ұнамаған жері болды ма? Балаларды бағалау. Мақтап мадақтау. | дау және «Көліктер» мультфильмінен үзінді көрсеткен жөн.<br>Балалар, жаңа білім алудың тағы бір қызықты әрі қолжетімді тәсілі – бақылау. Адамның қоршаған ортаны танып білуге ұмтылуы көптеген құрылғыларды ойлап тапты. Бақылауды көптеген құрылғылар көмегімен жүргізуге болады. Қарапайым лупалар ұсақ нысандарды көруге арналған құрылғы. Микроскоп – көзге көрінбейтін нысандарды бірнеше есе үлкейтіп көрсететін құрылғы.<br>**Кіші топтарда жұмыс жасау:** педагог балалардың 3 топқа бөлінулерін ұсынады – «адамдар», «құстар», «балықтар». Дайындалған карточкаларда әр топ аттарының бейнелері салынған (адамдар, құстар және балықтар), алайда олардың қозғалыс жасайтын маңызды мүшелері жоқ. Балалар топта олардың ненің көмегімен қозғалатынын талқылап, олардың суретін қосып салуы керек (аяқтар, қанаттар, жүзбе қанаттар). | Берілген тапсырмада сызғыштағы 8 санын тігінен екіге бөлгенде оң жағы З әрпі және 3 цифры болады. Жауабы болған жағын бояңдар.<br>**(Ұ)Сергіту сәті.**<br>Ұзын қанат инелік,<br>Инелікке тимелік,<br>Ұшақты біз жасадық,<br>Инеліктен үйреніп.<br>Зу-зу, зу-зу, зу-зу.<br>**4-тапсырма**<br>Педагог балаларға «З» дыбысы туралы әңгіме оқып береді және З дыбысының дұрыс айтылуын қайталайды.<br>З дыбысын айтқанда дыбыс кедергіге ұшырайды, тістердің арасынан шығады.<br>Өзеннен З әрпі өзінің бейнесін көріп,танымай үш саны екен деп таңданып қалады.Төбесінде зауза қоңызы «З-з-з!» деп ұшып жүреді.<br>«З» дыбысы судан нені көрді?<br>Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. | ұрып түсіруі тиіс.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалармен бірге әрсайыс үшін ұпай есептеу арқылы жеңімпазды анықтаңыз. Басқа топтармен жарыста жеңіліске ұшырау себептерін талдауды ұсыныңыз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарындашп ен;<br>Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен;<br>Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын– жасыл қарындашпен. | | *Презентация, қорытындылар.*<br>• тірі организмдер қандай дене мүшелерімен қозғалады? Аяқтары, қанаттары, жүзбе қанаттары көмегімен.<br>• көлік түрлерінің қозғалысына не көмектеседі? Дөңгелектер, қанаттар.<br>• сендер қандай қозғалыс түрлерін пайдаланасыңдар? Жүру, жүгіру, секіру және сырғу. Ал олар қозғалу үшін күш қажет. Егер күш болмас онда қозғалу мүмкін емес.<br>**Өзекті жағдай**.<br>Қозғалыстың көлік түрлеріне қандай пайдасы бар? (Баратын жерге тез жеткізеді және т.б.).<br>Жанды табиғат әлеміне ше? (көбейеді, өседі ...).<br>Ал адам не істей алады? (Балалардың болжамдары)<br>*Педагог ақпараты:* адам табиғатынан қозғалысқа икемделген.<br>Сондықтан біз кеңістікте орын ауыстырамыз, жүгіреміз, адымдаймыз, секіреміз, еңбектейміз. Оның барлығын қозғалыс аппараты қамтамасыз етеді. Қозғалыс жасауға күш қажет.<br>**Сергіту сәті.** | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Педагог балаларға жаттығу жасатады. Педагог балаларға жаттығу түрлерін көрсетеді. Күнделікті жаттығулар кешенін ұсынады.<br>Әліппе-дәптермен жұмыс. (1-2-3-тапсырмалар).<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды** Балалардың өз жұмысын бағалауын, кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: | | |
| **Үлкен үзіліс** | | **Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>«Кім жетіспейді?» сурет бойынша жұмыс<br>***Жанама бақылау*** | **Дидактикалық ойын «Ғажайып жаңбыр» ойыны** | **«Мен әдепті баламын» ән айту**<br>**Жанама бақылау** | **Мазмұнды рөлді ойын: «Асхана»**<br>**Жанама бақылау** | **Дидактикалық ойын: «Ақшақар»**<br>**Жанама бақылау** |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br>**3-сабақ** | | **<u>Русский язык</u>**<br>**Тема:** Если только захочу, на Луну я полечу<br>Путешествие по воде<br>**Цели:** орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін түсінуге және сөйлеу тілінде қолдануға, оларды дұрыс екпінмен анық айтуға үйрету;<br>**(К,и) задание №1.На чем летают люди?Послушайи повтори.**<br>Рассматривают | **<u>Сурет салу</u>**<br>**Тақырыбы:** Киіз үй–жайлы қоныс (сәндік) **М ақсаты:**Түрлі пішінді қағазда симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге үйрету, көлемді пішіндерді безендіру.<br>**(Ұ) Сабақта оң көңіл күй қалыптастыру**<br>Тәрбиеші: Киіз үй – көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан | **<u>Өзін-өзі тану</u>**<br>**Тақырыбы:** Мен жақсы баламын<br>**Мақсаты:** «Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу**.**«Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.Бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту.<br>Балалар,сендер қандай жақсы, әдепті сөздер білесіңдер? -Жақсы бала деп кімді айтуға болады? Балалар бүгін біз жақсы бала қандай болу керек | **<u>Мүсіндеу</u>**<br>**Тақырыбы:** Ауылым менің жайлауда<br>**Мақсаты:**Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композиция жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**(Ұ)** Педагог ҰОҚ жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасайды. | **<u>Жапсыру</u>**<br>**Тақырыбы:** Тақияны безендіреміз<br>**Мақсаты:** "қошқар мүйіз" өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, қоймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдануды;<br>қазақ өрнектеріне тән: жасыл, қара, ақ, сұр, қызыл, ашық түстерді қолдануды;<br>**(ұ)**Педагог балаларға байқатпай бөлмеге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | транспорт, называют его, обобщают. рассказывает, что воздушным транспортом можно быстрее долететь до другого города или страны, чем доехать на машине, автобусе, поезде.<br>**Задание №2. Расскажи,кто на чем летает.**<br>Составь рассказ с помощью схемы.<br>**(и)Задание №3.**<br>Продолжи ряд. | көшпелілер баспанасы екенін балаларға түсіндіреді.<br>**(Ұ)** Кәне, балалар, тұрыңдар, Киіз үй құрастырыңдар.<br>(орындарынан тұрып,бір-бірінің қолдарынан ұстайды)<br>**Қабырғасы–кереге. Оны біз созайық.**<br>**(***керіліп тартылады)*<br>**Шаңырағын көтеріп, Уықтарын қояйық.**<br>**(**қолдарын алға қарай созып көтереді)<br>**туырлық, үзік, түндіктерін жабайық**<br>**(**қолдарын жоғары көтередіде, артынан түсіреді).<br>**Міне,өздерің киіз үй құрастырдыңдар.**<br>Сабақтың тақырыбымен байланыстырады.<br>Тәрбиеші киіз үйдің көшпенділердің тасымалданатын қонысы екендігі туралы ақпарат береді.<br>Ол тез жиналады және оңай бұзылады.<br>Киіз үйдің негізін төрт негізгі элемент құрайды: | сол туралы айтамыз.Жақсы бала болуымыз үшін сыпайы болуымыз керек.Әдепті болуымыз керек. Үлкендерді сыйлап, өтірік айтпауымыз керек.Сөйлескен кезде сен демей сіз деуіміз керек.Сыртта өзге адамдар көрсеп амандасуымыз керек.Үлкен жүк көтеріп, жол беруіміз керек. -Балалар бүгін біздер «Сыпайылар» әлеміне саяхатқа шығамыз.Мұнда біздер көптеген сыпайы сөздер үйренеміз.Бұл елдің тұрғындары бір-біріне «сіз» деп сөйлейді екен.Бәрі бір-бірін сыйлап,сыпайы сөйлейді екен.Жақсы бала болу үшін, сыпайы, әдепті болуымыз керек. -Кәне, саяхатқа шығуға дайынсыңдарма?Жолда кездескен тапсырмалар орындауға дайынсыңдар ма? Ең алдымен біздер сыпайы сөздер туралы не білеміз,тағы не үйренгіміз келеді, сол жөнінде мына кестені толтырып алайық. -Сыпайлық деген сәлемберуден басталады. Ең бірінші баратын еліміз «Сәлем бере білейік» деп аталады.Ол елге бару | – Киіз үй не үшін ыңғайлы баспана деп саналады?<br>Тәрбиеленушілер ҰОҚ не жайлы әңгіме болатынын болжап, зерттеудің тақырыбы мен мақсатын айқындайды.<br>**(Ұ)Зерттеушілік іс-әрекет.**<br>Балалар киіз үйдің макетімен мұқият танысып шығады және оның бөліктерінің орналасу ретіне назар аударады.<br>– Киіз үйдің пішіні қандай?<br>– Киіз үй қандай бөліктерден тұрады? Олар қалай аталады?<br>Балалар киіз үй туралы білетіндерін пысықтайды.<br>Тәрбиеленушілер пластинография, яғни ермексазбен сурет салу техникасымен танысады.<br>**Мүсіндеу алгоритмін балалармен бірге талқылау.**<br>1. Қатырғы қағазға киіз | тақияны алып келеді, тәрбиеленушілерден бөлмеде жаңа заттың қайдан пайда болғанын айтуды ұсынады. Ежелден қазақтар бас киімді ерекше қастерлегенін айтады. Адамның басынан бас киімін жұлып алуға болмайды.<br>Адамдар әрқашан, қай жерде болмасын бас киімін ерекше мұқият шешіп, мүмкіндігінше жоғарырақ қоюға немесе ілуге тырысқан. Бас киімнің еденде немесе орындықта жатпауына айрықша көңіл бөлінген, олай болмаған жағдайда оның иесінің денсаулығына нұқсан келеді деп саналған.<br>Мақсат қояды.<br>**Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс**<br>Балалар суреттерді көреді. Өздеріне белгілі қазақтың ұлттық киімдерін атайды.<br>Педагог қыздарға Айсұлуға арналған тақияны, ал ұл балаларға Қуанышқа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | уық, кереге, сықырлауық, шаңырақ.<br>Киіз үйдің қандай негізгі бөліктері бар?<br>Киіз үй заманауи үйден несімен ерекшеленеді?<br>Тәрбиеші киіз үйдің әлемдегі ең жеңіл үй екендігі туралы қорытындыға әкеледі, оны бірнешесағат ішінде құрастырып не жинап, алып кетуге болады.<br>**Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.**<br>Тәрбиеші тапсырманы орындауды ұсынады: Қуанышқа барлық бөліктерін бірге жинағандане болатынын білуге көмектесіңдер.<br>**(Ж,Ұ)** Педагог досымен бірге қандай өрнек түрлерін білетіндерін талқылауды және олардың неге ұқсайтындықтарын айтуды сұрайды.<br>Қарапайым қазақ өрнегі түрлерінің атауларын бекітеді: Тұмарша, қошқармүйіз, балта.<br>Балалардан ұсынылған реңге сәйкес өрнектің | үшін көлік таңдап алайық. Автобус. Автобустың тапсырмасы «сәлемдесу» туралы тақпақ айтып беріңдер. Тақпақта не туралы не айтылған? - Міне біздер «Сәлем бере білейік» елінеде жеттік.Бұл елдің тұрғындары сіздермен ойнағысы келіп тұр. - Ойын ойнайсыңдарма? Ойын аты «Сәлем бере білеміз бе?» деп аталады .Сәлемдесу түрлерін анықтау. «Сыпайылар» әлемінің келесі елі «Рахмет» Бұл елге бару үшін алдымен көлік таңдап алайық.Бұл елге поездбен барамыз. Пойыздың тапсырмасын орындасақ,біздерді рахмет еліне апарады. -Поездың тапсырмасы: Суреттегі сөздердің бірінші әріптері бойынша сөз құрастыру. Сөздерді буынға бөлу. Рахмет елінің тұрғындарына арналған тақпағымызды айтып берейік. «Рахмет» елінің тұрғындары сендерге риза болды. Аян:Апан сенің базардан Алма сатып әкелді Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әкелді, -Не деп барып жеу керек? Рахмет! Онда үйренген жаңа сөздеріміз: | үйдің сұлбасын сызып аламыз.<br>2. Қоңыр, ақ немесе сарғыш түсті ермексазды аламыз. Саусағымызбен басып, сұлба сызығының үстіне ермексазды жағып шығамыз.<br>3. Кескіш, таяқша, тарақ, түрлі қалыптар, мөрлердің көмегімен киіз үйдің бетіндегі қазақы ою-өрнектерді тырналау арқылы саламыз.<br>**Ойын-жаттығу: «Не жақсы, не жаман?»** Ойын барысында балалар ермексазбен және пышақпен жұмыс істеу ережелерін пысықтайды.<br>«Ауылды гүлмен толтыр». Киіз үйдің айналасын гүлдермен безендіреді.<br>ҰОҚ өзі жасаған жұмысқа баға беруді ұсынады:<br>1. Жұмысына көңілі толғандар | арналған тақияны сәндеуді ұсынады.<br>Педагог балаларға ою салу үшін тақияны әзірлеуді ұсынады.<br>Одан кейін тәрбиеленушілер оюдың үлгіқалыбын қиып алады. Түрлі түсті қағаздан әзірлеме-жолақтарды қиып алады.<br>Түрлі түсті қағаз жолақтарын екіге немесе қатпарлап бүктеп, ою үлгіқалыбын әзірлеме-парақтың бүгілген сызығына жатқызады.<br>Жай қарындаштың көмегімен үлгі қалыпты бастырып сызады.<br>Қиып алып, тақияға орналастырады.<br>Ойдағыдай болғанға дейін оюдың орналасуын өзгертуге болады.<br>**( ұ)қауіпсіз жұмыс жүргізу тәсілдері.**<br>Педагог сабақ шеңберінде қайшымен жұмыс істеу ережелерін еске салады.<br>Тәрбиеленушілердің назарын қағазды үнемдеп пайдалану керектігіне аударады.<br>Қағаздың үлкен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қандай түсін таңдау керек екендігін сұрайды. **(Ұ)Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы** Өткір заттармен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасын сақтау туралы еске салады, жеке гигиена ережелерін орындайды.<br><br>**(Ұ)Жұмыстың орындалу технологиясы** (Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру). **Әліппе-альбоммен жұмыс.** Киіз үйді салу кезінде қағаз бетінде тік төртбұрыш салу қажет, үстінен жартылай шеңбер саламыз, киіз үйдің күмбезі шығады және күмбезде жартылай шеңбер – шаңырақ саламыз, киіз үйді өрнекпен безендіреміз. Педагог шығармашылық міндетті нақтылайды: киіз үйді қазақ өрнегімен безендіру. Балаларға сәндік суретті орындау алгоритмін түсіндіреді. Өрнектің әрдайым | Алғысымыз шексіз,ризамын. -Енді «Сыпайылар» елінің келесі елі «Кешіріңіз» деп аталады. -Бұл елге бару үшін көлік таңдап алайық. -Кешіріңіз еліне ұшақпен барамыз. -Ұшақпен бірге ұшып сергіп алайық. Сергіту сәті Мынау-менің жүрегім Бәрі осыдан басталған. Мынау-басым ақылды, Бәрін осы басқарған. Мынау менің оң қолым, Мынау менің сол қолым Барлық істі атқарған. Міне,балалар «Кешіріңіз» елінеде жеттік -Кешіріңіз елінің тұрғындарының сіздерге арналған тапсырмасы бар екен? Кәне, сол тапсырманы орындауға әзірміз бе? «Кешіріңіз» елінің тұрғындары бізге жұмбақ жасырыпты, сол жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? С.Айкөркем:Сыйлап үлкен ағаны Сәлем берген баланы Кім дейміз? Мұхаммад: Кітап,дәптер, қаламы Кір шалмаған баланы Кім дейміз? Нұрай:Таудай биік талабы Жақсы оқитын баланы Кім дейміз? «Кешіріңіз» елінене үйренген жаңа сөздер: -Кешіріңіз,Ғафу етіңіз! Айып етпеңіз - | қалпақты жасыл түспен бояйды;<br>2. Қиналғандар қызыл түспен бояйды. | қиындыларын лақтыруға болмайды, оларды ұсақ бөлшектерді қиып алу үшін пайдалануға болады. **Рефлексиялық бағалау.** Балалар бір-бірін бағалайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұйымның формасына қарай жасалатынын еске салады. Текшеде ортасы<br>Мен бұрыштары боялады, ал дөңгелек пен сопақшада ортасы мен шеттерін бояуға болады.Өрнектің түсін өз қалауларыңа қарай таңдаңдар.Өрнекті бірдей қашықтықта орналастырып, бірдей өлшемді сақтау қажет.<br>**Ұ,Ө)** Балалардың жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады. Балалар өз жұмыстарын талқылайды.<br>Кімге өз жұмысы ұнады? Салғылары келген суретті сала алды ма? Қиындықтар болды ма, жұмыс аса мұқият орындалмады ма? Бірдеңе болмады ма? Аса қиын болды ма? Кімнің суреті көбірек ұнады?<br>Өзін-өзі бағалауды ұсынады.<br>Әліппе-альбомда бәрі сәтті болды, жұмыс мұқият, | «Сыпайылар» әлемінің келесі еліміз «Рұқсат па?» деп аталады. -Бұл елге бару үшін, алдымен көлік таңдап алайық. Кеме. -Кеменің тапсырмасы бар екен, соны  орындасақ бізді «Рұқсат па» еліне апарады. Кеменің тапсырмасы: Суретпен жұмыс. Суретке қарап әңгіме құрастыру. «Рұқсат па?» елінің тапсырмасы бар екен. -Не деу керек өлеңін айтып беруіміз керек. Алдымен автор туралы мәлімет беріп жіберейін.Әнуарбек Дүйсенбиев-1931 жылы 25 қазанда Алматы обылысы,Жамбыл ауданы,Қарақыстақ ауылында туған.Балалар ақыны.Ұзақ жылдар «Балдырған» журналының жауапты хатшысы, «Жалын» баспасында бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында аға редакторлық қызмет атқарған. Жаңа сөздер: Рұқсат па? Кешіріңіз Рахмет. Енді келесі ел «Жарайды» деп аталады. «Жарайды елінің тапсырмасы бар екен. -Кітап бойынша сүрет салып әңгімелеп беру. -Кестені толтыру. Сұрақ-жауап: -Балалар бүгін | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жақсы орындалды<br>деп санасаңдар, үш<br>қылқаламды;<br>бірдеңе ұнамаса не<br>қиыншылықтар<br>болса, екі<br>қылқаламды;<br>тапсырманы орындай алмадым деп ойласаңдар, бір қылқаламды бояңдар. | біздер қайда саяхатқа шықтық? -Бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма? Жақсы бала деген атқа лайық болу үшін сыпайы сөздерді көп білуіміз керек, ұқыпты, тіл алғыш, шыншыл, адал, қайырымды, еңбекқор,әдепті болуымыз керек. Бізге адамдықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті үлкендер үйретеді.Оны бізге ақжаулықты аналарымыз ақ сүтін бере отырып ана тілімен үйретеді.Адам болатын бала барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерден аулақ болуымыз керек.Сонда біздер жақсы бала боламыз. Сиқырлы сөздерді әрқашанда өмірде қолданып, жақсы ниетке рахмет айтып, тиісті жерінде кешірім сұрап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп әдепті, жақсы балалар болуымыз керек. Балалар шеңберге тұрып келген қонақтарға тілек айтайық<br>Қол ұстасып тұрайық.<br>Шеңберді біз құрайық<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау сәлемат болайық<br>Балаларға ынталандыру сыйлығы. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Үзіліс** | | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br>**4-сабақ** | | **<u>Музыка</u>**<br>**Тақырыбы**: Бесік жыры<br>**Мақсаты:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар, жаттығулар. Тыңдау:<br>«Бесік жыры» (Қ. Өрісбаев,<br>Ш. Мұхамеджанов)<br>Ән айту:<br>«Бесік жыры» (Б. Аманжол)<br>аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» (өңдеген Б. Дәлденбай) **Музыкалық сәлемдесу**. «Қайырлы таң! Доброе утро! Good morning!»<br>*(әндете амандасу).*<br>**(Т) Ойын:** «Ән салған кім?» Ортаға көзі жұмулы бала тұрады.<br>Кез келген бала ортадағы баланың атын әндете айтады. Ортадағы бала тапса, әнші баламен орын алмастырады.<br>Ойын 2-3 рет қайталанады**.**<br>«Бесікке салу» дәстүрі туралы айтып, | **<u>В/к Көркем жазу</u>**<br>**Тақырыбы**: Ңң және Өө дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Құрамында н, ң дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге үйрету. Ң дыбысы және әрпімен таныстыру. Оқушылардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу.<br>Ө дыбысы және әрпімен таныстыру. Бір сызықтың бойына ө әрпін жазуын, сөз және сөйлем құрастыруын қадағалау. **1- тапсырма. Ө, ң әріптерін көркем жаз**<br>**Е с і ң д е с а қ т а!**<br>**Ө-дауысты, жіңішке дыбыс**<br>**ң-дауыссыз, үнді дыбыс**<br>**2- тапсырма. Қай аң не жейді?**<br><br><br>**Аңдардың тіршілігі**<br>Жабайы аңдардың тіршілігі қыста қиындау болады. Тоңады, ашығады. Қыста қоянның түсі ақ болады. Ақ қарда қоянды | **<u>Музыка</u>**<br>**Тақырыбы**: «Тұсау кесу»<br>**Мақсаты:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; Музыкалық-ырғақтық қимылдар, жаттығулар. Тыңдау:<br>«Тэй-тэй»<br>(Ө. Байділдаев, М. Жұмағазиев) Ән айту:<br>«Тұсаукесер жыры» (халық әні, өңдегенБ. Жүсіпәлиев) Музыкалық-ырғақты қозғалыс:<br><br>«Етек-етек» (ән-ойын)<br>Тәрбиеленушілер бір-біріне сәттілік тілеп, жылы лебіздерін айтады. Оқушылар топқа бөлініп отырады. Топқа ат қою үшін төрт топқа төрт түрлі пазл беремін. Тәрбиеленушілер пазлды жинаған да сурет шығады. Сурет арқылы топтың атын шығарамыз. 1) Тұсаукесер 2) Бесікке салу | **<u>В/к Қызықты математика</u>**<br>**Тақырыбы**:Есеп және оның құрылымдық элементтері<br>**Мақсаты:** «Есеп» түсінігімен, оның құрылымдық элементтерімен таныстыру, сұрақ қою және оған жауап беру дағдыларын дамыту. .<br>Ауызша жұмыс. Тірек білімдерін жетілдіру.<br>Сұрақ - жауап:<br>- Төрт күшікте неше аяқ бар?<br>- Екі мысықта неше құйрық бар?<br>- Аптаның екінші күнін ата.<br>- Қыс неше айға созылады?<br>- Қар мен көрпеге не ортақ?Жаңа сабақ:<br>1) Есеппен таныстыру. Автотұрақта 6 машина тұрды. Бір машина кетіп қалды. Неше машина қалды?<br>6 – 1 =<br>Есепте бізге мәлім нәрсе ШАРТ деп аталады. Ал табу керек нәрсе – есептің СҰРАҒЫ. Есептің ШЕШУІ мен ЖАУАБЫ болады.<br>2) Әліппе дәптермен | **<u>В/к Ертегілер әлемі</u>**<br>**Тақырыбы**: Бауырсақ<br>**Мақсаты:** Сабақта балалардың халық ауыз әдебиетіне деген қызығу-шылығын ертегілер арқылы арттыру. Өздері білетін ертегілерінің кейіпкерлерінің атау арқылы. Тілдерін жетілдіре отырып,ертегіні кейіптендіре білуге үйрету.Бауырсақ ертегісіне сахналық қойылым көрсету. Ертегіні сахналау арқылы ой - қиялын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегіні<br>тыңдайды; баланың мазмұндауы және образға енеді; тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтады;<br>**Ресурстар**:Ертегі кейіпкерлері.<br>**Әдіс тәсіл:** түсіндіру, 4К, бала үні, командалық жұмыс, бақылау, саралау<br>**Өткенге шолу:** ашық сұрақтар арқылы<br>**Айтылым**<br>**Ширату**<br>**Топтастыру**<br>**Бақылау:** жанама, тікелей, жалпылама<br>**Бала үні** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | балалардың қызығушылығын ояту.<br>Бала дүниеге келгенде «сүйінші» сұраған адамға сыйлық берілетінін, шілдехана тойы жасалып, ол жерде ән-жыр айтылып, би биленіп, қуанышты болатынын түсіндіру. Әнді нәзік сезіммен орындап, мағынасын түсіндіру.<br>– Дауыс ырғағы қандай болады деп ойлайсың?<br>– Өз анаңның айтқан бесік жыры есіңде ме?<br>Әннің ырғағын бесік тербеткендей қол қимылдарымен бірге көрсетуді ұсыну.<br>«Бесік» сөзінің орыс тілінде, ағылшын тілінде айтылуын қайталату:<br>***бесік – колыбель – cradle.***<br>**(Т) Аспапта ойнау:** «Еркем-ай» (өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Әуеннің ырғағын, дыбыстық үйлесімін бірге анықтау, түсіндіру.<br>Ұлттық ойын «Тақия тастамақ».<br>**(Т, Ж) Әліппе-дәптермен жұмыс:**<br>**1-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Анасы сәбиіне бесік | байқау өте қиын, ол қорғаныш қызметін атқарады. Түлкіде қардың астынан тышқан іздейді, өтірік өлген болып, қулығын асырады. Ал, қасқыр ет іздеп жорытады. Ал аю болса, жаз бойына жинаған майынан қорек алып, қыс бойына ұйқыға кетеді. Кірпі болса, күндіз ұйықтап, түнде қорегін аулауға шығады. Кірпі өте сақ, өзіне қауіп төнсе домалана қалады. Ал, кішкентай тиіндер ағаштан - ағашқа секіріп тыным таппайды. Құйрықтары ұзын, жүндері үлпілдек. Адамға бауырмал, оған қолыңмен нан ұсынсаң, ол төменге түсіп алады.<br>**Тапсырма: Жабайы аңдарды ата, жаз**<br>**3-тапсырма. Алғашқы буынды тап, осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра**<br>...-рік, ...-нер, ...-мекші, ...-ріс, ...-неге<br>**Жаттау** Аңшы келді орманға, Өгізге келіп өрмекші, Аң ауламақ ойында. Өлеңдетті, әндетті.Тиінді көрді секірген, Өнерін көріп түйе тұр,Жаңғақ тола қолында Өркешін әбден сәндепті.<br>**Кері байланыс**:"Екі жұлдыз, бір тілек" | 3) Ашамайға мінгізу 4) Қырқынан шығару Осылар туралы толық мәлімет беріледі, талданады. Тұсау кесер туралы видеоролик көрсетіледі, талданады, сұрақтар қойылады. (Ж) Әліппе-дәптермен жұмыс. Сурет бойынша сұрақтар қоямын, оған жауап береді. Видеоролик болжам. 4–7 мин. – Суреттегі салт-дәстүр саған таныс па? – Тұсау кесу рәсімін қанша жаста істейді? – Баланың тұсауын қандай адамға кесқізеді? – Тұсау кесу рәсімінде қандай тілектер айтылады? – Тұсау кескенде қандай заттар керек? Балалармен бірге талқылаймыз, қорытынды жасаймыз. – Ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүріміздің бірі – тұсау кесу. – Тұсау кесу рәсіміне, ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр ретінде құрметпен қарау керек. – Тұсау кесу рәсімі – бала тәйтәй басып келе жатқанда міндетті түрде қыз балаға да, ұл балаға да жасалынады. – Сенің отбасыңда қандай салт-дәстүрлер бар? Шағын фольклор жанрына жататын Оразақын | жұмыс:<br>Сергіту сәті. Оң қолымда екі алма,<br>Сол қолымда екі алма.<br>Екі қолды қосқанда,<br>Болып шықты қанша алма?<br>Қорытынды.<br>Алмаларды екі себетке бөліп сал.<br>Сұрақ - жауап.<br>Мадақтау. | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**«Салыстыр»<br>**Рефлексия:** оқу қызметі бойынша<br>**Кері байланыс:** «Ақылды достар» тәсілі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жырын қай кезде айтады? Дауыс ырғағы қалай болады деп ойлайсың? Ананың айтқан әні есінде ме? Суретке қарап, бесік жырының орындалатын уақытын дөңгелекті бояп көрсет. «Еркем-ай» әнінің әуенін сүйемелдеуге қандай ұлттық аспаптарды қолданар едің? **2-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Бұл әннің көңіл күйі қандай? Екпіні, ырғағы туралы не айтасың? Бесік жырын қай аспаптың сүйемелдеуімен орындауға болады? Таңдаған аспаптарды қоршап сыз. Бесік жырын мұқият тыңда. Әннің сипаты суреттегі баланың қайсысының көңіл күйіне сәйкес келеді? **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, әліппе-дәптердің төменгі бұрышындағы ортасында соль кілті бар шеңберді жасыл түспен, ал | | Асқардың «Тұсау кесу» өлеңімен таныстырып, мәнерлеп оқып беремін. Оразақын Асқардің суретін көрсетіп мәлімет беремін. Сөздік жұмыс: асулардан асуға, жүйрік, ептілік. Талқылау: – Өлең ұнады ма? – Өлең қалай аталады? – Не туралы айтылған? – Өлеңде қандай ғажайып сөз есінде қалды? – Баланы неге епті, жүйрік деп атаймыз? Өлеңді мәнерлеп екі-үш қайтара оқып беремін. Өлеңді жаттап алу ұсынылады. Сергіту сәті: Видеороликтен қайталау «Айгөлек» биі (Ұ) Әліппе-дәптермен жұмыс: Ребусты шешу. – Тұсау кесу рәсімі кезінде балақайға қандай заттарды сыйлар едің? Суретін сал. Топтық жұмыс «Балақайға сыйлық сыйлаймыз» Әр топ өздеріне сай сыйлықтың суретін салу керек «Қабырға сөйлейді» Қабырғаға тұсаукесер, атқа отырғызу, қырқынан шығару, бесікке салуға арналған заттардың суреттері ілінеді, әр топтан бір оқушы шығып сол суреттерден өздеріне керек суреттерді жинап тобына апарады, тобымен | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қызықты болмаса, қызыл түспен бояп белгіле. | | бірге отырып, постерге жапсырады, тақтаға бәрі бірге шығып қорғайды. Қорытынды жасаймын. Сендерге сабақ ұнады ма? Не қызықты болды? Өлеңді қайталап айту | | |
| **Серуен** | | **Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгі-ліндегі күннің суық тығы-аяз. Аяздан беті міз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жі беруі де мүмкін еке нін, сол үшін де кол ғап, мойын орауыш тағатынымызды түсін діру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды үреу.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнау ға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br><br>Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.<br>**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия-нақты орындауларын қадағалау.<br>***Жеке жұмыс***:<br>(Сымбат,Айзия Б. Аршын, Ғазиза)<br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар бала жүр.<br>**Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын:** «Тышқан мен мысық». | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек:** «Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпыру шыға көмектесу.Тазалық қа, кішіпейілдікке үйре ту.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбие-леу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>***Жеке жұмыс:*** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>(Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ) | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. | **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. **Ойын: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. | дыққа , ептілікке баулу. |
| Балалардың үйге қайтуы | | Кеңес: **«Ертегі айтқызып үйретеміз»** Үйде босуақытта балаларға таныс ертегілердің мазмұнын айтқызып үйрету. | Үйде өткен әріптерді қайталату керек екенін Жұлдыз, Әділбек,Алижан,Нұр ислам Ата-аналарына ескерту | Мектеп ішіндегі ереже лерді естен шығармай-мыз» тақырыбында Нұрислам ,Алижанның тәртібі туралы әнгіме - лесу. | Үйге түрлі логикалық тапсырмалар беру. | «Үйдегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында ата-аналармен әнгімелесу ( балаларға оттан, тоқтан аулақ болуды үйрету) |

Тексеру күні: 28.02.2022.ж.
Жоспар тексерілді.
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:__________Г. Ибрагим
МДҰ-ның тәрбиеленушілердің оқу қызметі кестесі бойынша ҰОҚ-і және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы.
Мектепалды даярлық

*Бір апта аралығы* 28.02-04.03.2022.ж. Ақпан-Наурыз айы.

Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүр мен фольклор»

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне тәрбиелеуге, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

**Міндеттері :**

- балаларда жақындарына деген сүйіспеншілік сезімі, оларға қамқорлық көрсету ұмтылысы, туған еліне, қаласына деген бауырмалдық пен оның тарихына қызығушылық таныту сияқты адамгершілік сапаларды тәрбиелеу
- адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты карауды; балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту
- Қазақстан Республикасы аумағында тұратын басқа ұлттың адамдарына, олардың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне мейірімділік және құрметтілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 28.02.22ж | Сейсенбі 01.03.22ж | Сәрсенбі 02.03.22ж | Бейсенбі 03.03.22ж | Жұма 04.03.22ж | Сенбі 05.03.22ж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сабақ кестесі | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Русский язык<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Сурет салу<br>Көркем жазу(в) | Сауат ашу негіздері<br>Жаратылыстану<br>Өзін-өзі тану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Мүсіндеу<br>Қызықты математика(в) | Құрастыру<br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>Жапсыру<br>Ертегілер әлемі (в) | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Русский язык<br>Музыка |
| Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. | | **«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, балалар!»**<br>Ата-аналармен, балалармен сәлемдесу, баланың жағдайына назар салу, ата-анадан баланың жағдайын сұрау, баланың дене қызуын өлшеу. | | | | | |
| Таңертеңгілік гимнастика | | Жаттығулар кешені. Жан-жақты дамытушы жаттығуларды жалаушалармен орындау<br>**Жалпылама бақылау** | | | | | |
| Гигиеналық шаралар | | Гигиеналық шараларды реттілігімен орындауын қадағалау. Бетпердені дұрыс қолдану.<br>**Жанама бақылау** | | | | | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметі І-сабақ | | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Батырлар<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық,жылдамдық дағдылары қалыптасады. **Негізгі** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Даңқы асқақ<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық, жылдамдық | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз көне заттар музейіндеміз.З дыбысы мен әрпі.<br>**Мақсаты:** 3-4 | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тұсау кесу<br>**Мақсаты:** ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез- | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Ертегідегі ғажайып сарай<br>**Мақсаты:** Құрылыс | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Мерген<br>**Мақсаты:** денесін шынықтырады, шапшаңдық,жылдамдық дағдылары |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Үлкен үзіліс** | | Қимыл-қозғалыс ойындары.<br>«Кім жетіспейді?» сурет бойынша жұмыс<br>Жанама бақылау | Дидактикалық ойын «Ғажайып жаңбыр» ойыны | «Мен әдепті баламын» ән айту<br>Жанама бақылау | Мазмұнды рөлді ойын: «Асхана»<br>Жанама бақылау | Дидактикалық ойын: «Ақшақар»<br>Жанама бақылау | «Мен әдепті баламын» ән айту<br>Жанама бақылау |
